

Салафизм – ислам тарихындағы күнгірт дүниетаным заманының туындысы. Бұл өзінше бір, бұғауланған, жәбірленген араб санасы жайынан ақпарат беретін уақыт капсуласы іспеттес. Салафиттердің бастамашысы әрі қозғаушысы шейх ибн Таймия (1263–1328) болған. [cialis cost of buying cialis in thailand](#) [cialis generic price](#) [cialis prices us](#) [buy cialis by check](#) [canada trial](#) [cialis](#)
argaiv1962

“Салаф” сөзінің мағынасы “әуелгі бабалар” дегенді білдіргенімен, бүгінгі салафиттер мен алғашқы салафилердің айырмашылығы зор. Салафиттер, яғни салафизм идеологиясын ұстанушылар, өзара жаулақандықтарына қарамастан, негізгі үш қағиданы ұстануға тырысатындығы белгілі. Олар: таухидты (біркүдайлықты) қатан ұстану; бидғаттан (дінге жаналық енгізуден) бас тарту; тақлидке (қандай да бір ислам мектебінің немесе беделді ғалымның ізін қууға) қарсы болу.

Салафиттер дінді ислам әлеміндегі түрлі халықтың этномәдени, тарихи және өзге де ерекшеліктеріне негізделген барлық “жат”, “кірме” түсініктер мен тәжірибелерден тазарту жолында жойқын күрес жүргізуді өздеріне мақсат етіп қойған. Салафизм исламдағы барлық жаналықтан бас тартып, әуелгі догмаларға қайта оралып, оның қатан түрде, дәлме-дәл орындалуын талап етеді. Дамудың кез келген түріне жол бермеуге тырысады. Біздің еліміз үшін мұндай жол дәстүрлі емес. Бұл жолда біздің елдің оркениеттен қол үзіп қалу жағдайына душар болатындығы айдан анық.

Салафизм “жиһад” ұғымын бұрмалап, оны қарулы күрес ретінде біржақты ғана тәпсірлейді. Салафиттер бұл күресті барлық мұсылмандардың өмір сүруінің жалғыз әрі шынайы формасы ретінде қоғамға танытуда. Жиһадтың дәстүрлі мағынасы – өзіннің бойындағы кем-кетіктерінмен күресу болып табылады. Әуелден-ақ догматизм мен радикализм үшін сынға алынған салафиттер Алла мен адам арасындағы кез келген “дәнекерлікті” жоққа шығарады. Осылайша, барлық сүнниттік мәзһабтармен қалыптасқан түседі.

Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері үшін исламның дәстүрлі формасы қоршаған әлемді интеллектуалдық тұрғыда қабылдауды бағдар еткен ханафиттік мәзһаб пен далалықтардың ата-бабаларына деген қиелі қатынасынан бастау алатын “әулиелер” дәстүріне негізделген “түркілік сопылық” екені баршаға мәлім.

Казакстандыктар үшін қатан догма мен діни радикализм – жат қыбылыс. Казак дәстүрінде әрбір адам өзінін шежіресін, кем дегенде жеті атасын білуі тиіс болса, салафиттер казактын мұндай салты мен әдет-ғұрпына (олған адамға құран бағыштау, аруакка сену, т.б.) үзілді-кесілді қарсы.

XIII–XIV ғасырларда араб әлеміндегі салафизмнің дүниеге келуі түркі-монғол шапқыншылығына қарсы тұру дәуірімен байланысты болды. Олардың аймақтағы, соның ішінде арабтарға үстемдігі XX ғасырдың басына дейін жалғасқан. Салафизмнің екінші және оның қатал ағымының – вахабизмнің бүрк ете қалуы османдық биліктің кезеңіне түспа-түс келеді.

Откенге қайта оралуға тырысу, дамуда кенжелеп қалу ерте ме, кеш пе тоқырауға, дағдарысқа, ақыр аяғында ұлттың тарихи жеңілісіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Салафизм және сол іспеттес діни доктриналар Казакстанның стратегиялық мүддесіне еш сәйкес келмейді.

Казакстан Республикасы

Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі.